Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№29 (20303)

22 ақпан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

СҮБЕЛІ СӨЗ

- Оқу – білім азығы,
  Білім – ырыс қазығы.
- Түлкі алмас қыран жоқ,
  Құсбегісі кезіксе.
  Жақсы болмас жігіт жоқ,
  Ақылшысы кездессе.
- Жамандықты көп қуған
  Бір бәлеге жолығар.
  Жақсылықты көп қуған,
  Бақ-дәулетке молығар.

ПРЕЗИДЕНТ

ОБЛЫС ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықованы қабылдады.

Президентке Қызылорда облысында 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы есеп берілді.

Гүлшара Әбдіқалықованың айтуынша, облыстағы экономиканың негізгі көрсеткіштері – өндірістік өнім көлемі 0,8 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 14,5 пайызға, жеке инвестиция 11,7 пайызға, сауда 2,4 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үй 8,6 пайызға, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 0,3 пайызға артқан.

Өңірде индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы аясында былтыр құны 45,2 миллиард теңге болатын 4 жоба жүзеге асырылып, 456 жұмыс орны ашылған.

Кездесу барысында облыс экономикасына тікелей әсер ететін негізгі проблемалық мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, Сырдария өзені деңгейінің күрт төмендеуі, тауарлық газдың көтерме бағасы, тасымалдау тарифінің шығындары мен жергілікті газ үлесін арттыру және агроқұрылымдардағы жер дауы мәселелері туралы баяндалды.

Президент Қызылорда облысында атқарылып жатқан жұмыстарды саралай келе, Үкіметпен бірлесіп түйткілді мәселелерді шешу және қолға алынған жобаларды одан әрі жалғастыру жөнінде тапсырма берілді.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жалақы өсті, сапа жақсара ма?

Жасыратыны жоқ елімізде дипломы бар, білімі жоқ мамандар пайда болды. Себебі кейбір түлектер оқу бағдарламасын тиісті деңгейде игермеген. Диплом негізінде жұмысқа орналасуға ниет білдіргендерді жаңа енгізілген тәртіп қуантпайтыны анық. Кейбір университеттерге де шешім ұнаған жоқ, өйткені, бұл олардың жұмысының деңгейі мен сапасын айқын көрсетті.

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Жоғары оқу орындарының білім беру қызметінің сапасын жақсарту мақсатында, мектепте қызмет етуге тек мықтылар келуі үшін министрлік мықтап кіріскен сияқты. «Елімізде кадрлар даярлау сапасын жақсарту үшін қажетті шараларды қабылдайтын боламыз, әсіресе, педагогикалық бағытта. Енді негізгі тренд анықталып, педагог мамандығы мектеп түлектері үшін қызықты бола бастаған кезде бізге болашақ мұғалімдерді жоғары сапада даярлауды қамтамасыз ету өте маңызды», – деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов өзінің facebook желісіндегі парақшасында.

Министрлік биылдан бастап білім саласындағы жемқорлық фактілерін болдырмау, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар пулын күшейту мақсатында құқықтық актілерге өзгерістер енгізді. Мұғалімдерді конкурс арқылы жұмысқа қабылдаудың жаңа жүйесі қалыптасып жатқанын жазды. Бірінші жаңалық – педагогикалық бағытта білім беретін жоғары оқу орындарының түлектері үшін міндетті тестілеу енгізілді. Енді дайындығы нашар үміткерлер мұғалім болып жұмысқа орналаса алмайды, яғни педагогикалық білім туралы дипломның болуы жұмысқа бірден орналасуға кепілдік бермейді. Балалармен жұмыс істей білу өте маңызды және жауапты міндет болғандықтан, алдымен тәуелсіз тестілеуден өту керек. Қосымша тестілеуден өту арқылы «Педагог» біліктілігін алуға міндетті.

Алғаш жұмысқа тұрарда тестілеуден өту керек

«Бұл қалай жүзеге асырылады?» деген сауалға Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов:

– Мысалы, төрт жыл бойы математика мұғалімі мамандығын оқыған студент мектепке жұмысқа орналасу үшін Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын болады. Тестілеу сұрақтарында математика бойынша мектеп бағдарламасы мен сол пән бойынша сабақ беру әдістемесі қамтылады. Жоғары оқу орнында, шын мәнінде төрт курс оқып, қажетті білім алған студенттерге тест тапсыру қиындық тудырмайды. Ал бірқатар себептермен білімі мен қабілеті балаларымызды оқытуға жеткіліксіз түлектер білім беру ұйымдарына қабылданбайды. Бізге сан емес, сапа маңызды. Тиісті деңгейде білімі жоқ түлектер балалармен жұмыс істемеуі керек. Болашақ педагогтерді алғаш рет тестілеу көптеген жоғары оқу орны үшін үлкен сынақ болды. Бастапқыда белгіленген шекті деңгейді айтарлықтай төмендеткенімізге қарамастан түлектердің 46%-і ғана қажетті балл жинай алғанын айта кеткен жөн, – деді.

2-бет

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫ»

Қармақшыда болған едік. Аудан орталығы – Жосалы кентінде көрген жылы көрініс жадымызда жатталыпты. Осындағы жастар мектеп жасындағы балаларды қуантып жүр. Биыл Мемлекет басшысы жариялағандай «Балалар жылы» екенін ұмытпадық. Сапар барысында куә болған шараның аты да осыған байланысты. «Қуантсаң, баланы қуант». Акцияның аты айтқандай, мұнда ұйымдастырушылар да, балалар да бек қуанышты.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Демеу болған «Демеу»

Аудандағы «Демеу» еріктілер тобы, «Зекет» қоры және аудандық жастар ресурстық орталығының қыз-жігіттері бірлесіп, осы акцияны қолға алдық, – дейді «Демеу» еріктілер тобының жетекшісі Әсем Мерекова.

– Басты мақсатымыз – «Балалар жылында» балаларға қуаныш сыйлау. Өзіңіз көргендей, кенттегі №121 және №27 орта мектебінде оқитын 30 балаға киім, ыстық пицца, тәтті шырын таратылды. Өкінішке қарай, бұлар асыраушысынан айырылған. Ата-ана орнын толтыра алмасақ та, сәл болса да осы қоғамнан жылулық сезінсе деп едік...

Осылай ағынан жарылған Әсем мәз болған балаларға риза кейіппен қарайды. Айтпақшы, кішкентайларға бар жақсылығын аямай, демеушілік жасаған аудан кәсіпкері Нағима Тоқсанбаева екен. Еріктілер оған ризашылығын қайта-қайта айтуда.

– «Демеу» деп қалдыңыз әлгінде, – дедік біз Әсемді сөзге тартып.

– Иә, «Демеу» еріктілер тобы ғой. Біз бұны 2020 жылы жастар ресурстық орталығы жанынан құрдық. Ол кезде небәрі 6 волонтер едік, қазір 50-ге жетіппіз. Еріктілер жасағын құруға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сол жылды «Волонтер жылы» деп жариялауы себеп болды. Пандемия басталып, қарбалас болған шақтағы еріктілердің еңбегі ерен. Мысалы, мен өзім медбикемін. Сол уақытта үй-үйді аралап, тегін дәрі ектім. Сондай-ақ арнайы қор ашып, халық пен кәсіпкерлердің қолдауымен 4 млн теңге жиналды. Бұған 7 оксигинератор аппараты, оттегі баллондары, бетперде, қолғап алынды.

4-бет

МӘМІЛЕ

Келіссөзден не күтеміз?

Экология вице-министрі Серік Қожаниязов Душанбеде жұмыс сапары барысында Тәжікстан Республикасы Энергетика және су ресурстары министрінің орынбасары Шоимзода Джамшед Шодимен кездесу өткізді.

Тараптар Сырдария өзенінде қалыптасқан су шаруашылығы жағдайын талқылады, «Бахри Точик» су қоймасының 2021-2022 жылдардағы вегетацияаралық және 2022 жылғы вегетациялық кезеңдегі жұмыс режимін келісу бойынша келіссөздер жүргізді.

Қазақстан тарапы 2022 жылдың вегетациялық кезеңінде былтырғыдай «Бахри Точик» су қоймасынан қосымша су жіберіледі деген уағдаластыққа қол жеткізді. Бұл Түркістан және Қызылорда облыстарының фермерлерін су аз болған жағдайда суармалы сумен қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік береді.

«СБ» ақпарат

Шабақтар неге қырылды?

Қуаңшылық биыл да қайталануы мүмкін. Өйткені, қазірдің өзінде су жетіспеушілігі анық сезілуде. Әсіресе, теңізге құяр сағадағы көл мен каналдардың кеуіп қалу қаупі жоқ емес. Өткен апта соңында Арал ауданына қарасты Бөген ауылына жақын орналасқан «Сағынбай» каналында майда балықтардың қырылу фактісі тіркелген. Сырдариядан су алатын каналдың Қарашалаң ауылы маңындағы көлге су құютыны белгілі болды.

«Сағынбай» каналының ұзындығы 1 шақырымнан асады. Тереңдігі 2 жарым метр. Мамандардың арнайы зерделеу жұмыстары арқасында бізге белгілісі, мұнда оттегі қоры аз. Ғылыми ұйым маманының алдын ала айтқан тұжырымына сүйенсек, оттегінің аздығынан балықтардың тіршілігі тоқтаған. Әрі каналға көптен су түспей, арнасы бөлініпті. Нәтижесінде 975 келіден астам балық қырылған. Ұзындығы 4,5-10 сантиметр аралығындағы торта, табан, ақбалық шабақтарының жайы осылай.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ

3-бет

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

СЫРДАҒЫ САЯТШЫЛЫҚ САЙЫСЫ

Қазақ халқында аңшылық, саятшылық дейтін өнер бар. Ілкі заманнан келе жатқан ұлттық құндылық бүгінде әр жерде жанданып келеді. Әрине, екінің біріне дари бермейтін тазы ерту, құс баулу сияқты өнерді ұстаған азаматтар құрметке қашанда лайық. Жүгіртер иті мен ұшырар қыран құсының мінез-құлқы мен қасиетін жетік білетін нағыз саятшылар, құсбегілер ортамызда жетерлік. Өткен аптада бұрынғы бабалардан қалған қасиетті құндылықты дәріптеушілер Сыр бойына да келді.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Өткен апта соңында, яғни, 16-20 ақпан күндері Жаңақорған ауданында ұлттық спорт түрі – саятшылықтан республикалық чемпионат өтті. Қыран құстың түр-түрін баулыған құсбегілер сайысы жоғары деңгейде өтті десек, қателеспеспіз. Ересектер арасындағы XV чемпионатқа еліміздің 2 қаласы мен 10 облысынан 70 құс және 90 саятшы қатысты. Аңға салар құстардың қатарынан ителгі, бүркіт, қаршыға тұқымдарын байқадық.

Оған дейін өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг берген облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асылжан Жаманқұлов ұлттық спорттың осы түрінен сайыс Қызылорда облысында алғаш ұйымдастырылып отырғанын айтқан еді.

4-бет

Тұрғындар тілегі жерде қалмайды

ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева «Nur Otan» партиясының қалалық филиалы ғимаратында қала тұрғындарымен кездесті. Тұрғындар көшенің жарықтандырылуы, қоғамдық көліктің жай-күйі, ауылдық жерлердегі интернет байланысының нашарлығы, тұрғын үймен қамту, жастардың әскер қатарынан қашуы және өзге де мәселелер жайлы өтініштермен келген.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Қала тұрғыны Бақытбек Бекбасаров өзі тұратын Қарабура көшесінің ені стандартқа сай жасалмағанын, жаяу жүргіншілер жолының жоқтығын және көшенің жарықпен қамтамасыз етілмегенін айтты.

– Өзім екінші топ мүгедегімін, алайда жеке мәселемен емес, бір топ тұрғындардың өтінішін алып келдім. Біздің аймақта қаладағы ең үлкен «Мұрагер» мектебі бар. Оған жан-жақтан оқушылар келіп оқиды. Бірақ қоғамдық көлік жоқ десе де болады. Сыйымдылығы үлкен көліктердің болмауынан «Газельмен» қатынайды. Оған сыймай қалғандары жаяу жүреді. Қараңғы түскенде балалар жарығы жоқ көшемен қайтуларына тура келеді. Ал олардың қауіпсіздігіне кім жауап береді? – деді ол.

Одан кейін қабылдауға жазылған тұрғын Бейбітбек Бүркітбайұлы қоғамдық көлікте көз мүгедектеріне арналған жеңілдіктің алынып қалғанын, бұл жүйенің сын көтермейтінін айтты. Ал Сәбит Әбіш пен Алтынбек Әлжаппаров кезінде Семей ядролық полигонында екі жыл әскери қызметін өтесе де, өздерінің әлеуметтік статусын ала алмай отырғандарына наразы. Бұл мәселені бірнеше рет көтергенімен ешқандай нәтиже жоғын жеткізді.

– Екі жыл бойы әскери борышымды Семейде ядролық полигонның ортасында жүріп өткердім. Денсаулығымды жоғалттым. Қолымызға қолғап та кимей, жұмыс істедік. Жарылғанда дәл жанында болдық. Алайда қоғамда біздің ешқандай статусымыз жоқ. Жәрдемақы, басқа да жеңілдіктер бізге қарастырылмаған. Өйткені құжатқа бір ғана сөз енбей қалған. Мұны жаңадан келіп жатқан Қорғаныс министрі шешіп береді деп ойлаймыз,– деді олар.

Талсуат елді мекенінің тұрғыны Жанәлі Жүніс елімізге АЭС салудың тиімділігінен гөрі адам денсаулығына тигізер қаупінің зор екенін айтты. Сонымен бірге, қаладан небәрі 8 шақырым жерде орналасқан бұл аумақтағы интернеттің сапасы сын көтермейтініне шағым жасады.

Қабылдауға барлығы 40-қа жуық адам келді. Балайым Кесебаева тұрғындардың өтініш арызы заң аясында қаралып, тиісті министрліктерге жолданып, Үкімет алдына қойылатынын жеткізді.

Өңірдің өзекті мәселелері

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева «Сыр медиа» ЖШС-на арнайы келіп, облыстың БАҚ өкілдерімен кездесті. Қаламгерлер қауымы халық қалаулысына өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар айтты.

Sb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Өңірдегі өткір мәселелердің бірі – жер дауы, саладағы шиқіліктер. Оны реттеуді заңнамалық тұрғыда шындап қолға алу қажет. Сондай-ақ, журналистер «Көкарал» бөгетінің бұзылып кету қаупі барын, бөгетте жарық пайда болғаны туралы мәселе бес жылдан бері айтылып та келе жатқанын жеткізді. Дегенмен, бүкіл өңірге экологиялық апат қаупін төндіріп тұрған проблемаға аймақ журналистері тарапынан қанша көтерілсе де, жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Қазіргі таңда «Көкаралды» жөндеуден өткізу жобасы жасалғанымен, мемлекеттік сараптамадан өткізуге республикалық бюджеттен қаржы бөлінуі қажет.

Сонымен қатар, су ресурстары бойынша заңнаманы қайта қарау, Су шаруашылығы министрлігін құру, аймақ азаматтары арасында наразылық тудырып отырған оңтүстік аудандардағы ақылы жолдар мәселелері айтылды. Балайым Кесебаева аталған мәселелердің барлығы назардан тыс қалмайтынын айтып, аймаққа сапары барысында жер дауына қатысты мәселелерді құқықтық тұрғыдан барынша зерделегенін атап өтті.

– Шаруашылық мақсаттағы жер дауына қатысты бірқатар аудандарда болып, азаматтардың талап-тілектерін тыңдадық. Бұл ретте туындап отырған даулар жер саласындағы заңнамаға ғана емес, жерді пайдаланушы шаруашылықтар, серіктестіктердің ішкі жағдайларына да байланысты. Әйтпесе, дау-дамайлар жалпы жиналыс аясында Жер кодексіне сәйкес реттелуі керек еді. Көп жағдайда мәселе әр кезеңде шаруашылық жұмысын жүргізген төрағалардың қарыздарына, қаржылық жағдайларына, есепсіз шығыстарына байланысты. Қазіргі уақытта кей жерлерде аудит жүруде, кей жерлерде сараптама жұмыстары жүргізіліп, тіпті, қылмыстық істер қозғалуда. Сондықтан, әзірге нақты мынадай өзгерістер енгізіледі деп айтуға ерте. Салада өте күрделі құқықтық проблемалар бар. Жер даулары бойынша облыс басшылығы, заң органдарымен кездескеннен кейін Үкімет алдына ұсыныстар енгізу керек, – деді Мәжіліс төрағасының орынбасары.

Сонымен қатар, қаламгерлер Қызылорда облысының экономикалық тұрғыдан толығымен дотацияланған аймақ екенін, соңғы уақытта орын алып отырған экологиялық апаттар, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын ескерсек, өңірде жалақы мөлшері төмен екенін де атап өтті. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты жеңілдіктер қарастыру, кәсіпке даярлау, оларға кедергісіз орта қалыптастыру бағытындағы қарама-қайшылықтар да айтылды.

Бұдан бөлек, баға мәселесі де күн тәртібінде тұр. Аймақта сұйытылған газ бағасы 6 ай мерзімге ғана арзандатылғанымен, басқа жанармай түрлері, азық-түлік, тұрмыстық техника, басқа да қажетті тауарлардың барлығының бағасы аспандап тұр.

Жиын соңында БАҚ өкілдерінің статусы, олардың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық тұрғыдан қорғалуы мәселелері көтерілді. Әлі күнге дейін «төртінші билік» өкілдеріне қатысты көптеген талаптар, міндеттемелер болғанымен, құқықтарының дұрыс қорғалмауы, құзырлы органдардан қажетті ақпаратты уақытылы ала алмау, басқа да проблемалар жетерлік. Өз кезегінде Балайым Кесебаева мәселені Мәжіліс депутаттары назарға алатынын айтты.

Жалақы өсті, сапа жақсара ма?

Елімізде өткен жылы мұндай сыртқы емтиханды шамамен 40 мың түлек тапсырған. Олардың ішінде шекті балл жинағандар ғана мектепте жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Енгізілген бұл жаңашылдық жоғары оқу орындары жұмысының сапасын да көрсетті. Білім беру сапасы төмен жоғары оқу орындары жұмысын тоқтатты. Тағы оқыту сапасы нашар ЖОО-лар лицензиясы кері қайтарылды. Сондай-ақ бірқатар колледж жұмысын тоқтатып, тиісті деңгейде білім бермеген мамандықтар бойынша лицензиялар министрлікке қайтарылды. Осы тиімді тұстарынан бөлек, бұл шара студенттерді диплом үшін ғана оқуға емес, шын мәнінде сапалы білім алуға ынталандырылады. Ал жоғары оқу орындары тиісті сапада білім беруге міндеттелмек.

Ротация басталды

Биылғы жаңалық бір ұйымда ұзақ уақыт жұмыс істеген мектеп директорлары үшін алғаш рет ротация жүйесі енгізілді. Ротация латын тілінің rotatio дөңгелек, айналу деген мағынаны білдіреді. Енді директор бір ұйымда 7 жылдан артық басшы бола алмайды. Ротация басталды және жыл бойы жүргізіледі. Онда мұғалімдер немесе директорлар бір мектепте белгілі бір уақыт жұмыс істегеннен кейін басқа жұмысқа ауысады. Ол жаңа орынды өзі таңдамайды. Мұндай тәжірибе XX ғасырда пайда болды және әлі күнге дейін Азия елдерінде таралуда. Ротацияны енгізудің себебі – көбінесе барлық оқушылардың мүмкіндіктерін теңестіруге, сапалы білімді қолжетімді етуге деген ұмтылыс. Тәжірибелі және мықты мамандар әдетте рейтингі төмен немесе алыс мектептерге жіберіледі. Ротация мектептер арасында қарым-қатынас бар жерде жүзеге асу керек. Мысалы, Сингапурде мектептер өзіндік кешендер құрады, ал Қытайда қалалық және ауылдық мектептер серіктестік туралы келіседі. Ротация Кореяда жетпісінші жылдары басталған, сондықтан бұл тәжірибе білім беру жүйесіне мықтап енген. Себептер стандартты – білім беру ортасының біркелкілігін және сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге деген ұмтылыс. Кореяда, басқа елдердегі сияқты мектепке тек тіркелу арқылы бара алады. Жапон билігі елуінші жылдары мұғалімдерді ауыстыру саясатын әзірлеуді бастады, ал алпысыншы жылдардың басында аталған жүйе ресми түрде енгізілді. Содан бері ол бірнеше рет толықтырылып, жетілдірілді. Қазір Жапонияда мұғалімдер ғана емес, директорлар мен мектеп әкімшілігінің басқа қызметкерлері де осы айналым әдісімен жұмыс істейді.

Ротацияның негізгі мақсатының бірі – ауылдық мектептерге мықты білім ошақтарынан тәжірибелі мұғалімдерді жіберу туралы шешім қабылдау. Билік ауылдық жерлерге көшетіндерге тұрғын үй бөліп, оқуға қажетті заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету керек. Оған қатысу – мансаптық өсудің шарты, мұғалімнің табысы, жаңа кәсіби деңгейге шығуы.

Бұл өзгеріс мұғалімдер арасында қызу талқыға түсті. Бірі «дұрыс, мықты кадрды жоғалтпау керек» десе, енді бірі «айналым арқылы директорлық лауазымын сақтап жүре ме, жеті жыл істеген соң басқаларға да мүмкіндік беру керек, білімді, жаңашыл жастар да бар» деп пікір екіге бөлінді. Әйтсе де министрлік ротация әдісін тиімді деп тапты. Бұл – директорлар құрамының сапасын жақсарту үшін нақты мерзімдер, критерийлер, тестілеу, лауазымға тағайындаудың жаңа жүйесі. Заңда директорлар үшін біліктілік санаттары енгізілді, олар өз жалақысынан 30%-тен 100%-ке дейін ай сайынғы үстемақы ала бастады. Бұл үшін әр 3 жыл сайын директор аттестациядан өтуге міндетті. Аттестаттау нәтижесі бойынша басшы санаттардың бірін алады, ай сайынғы қомақты үстемақыға да қол жеткізеді. Жұмыс тиімділігі өте төмен болған жағдайда жұмыстан шығарылады.

Бұдан былай директорлардың өз қалауы бойынша мұғалімдерді жұмысқа қабылдауға мүмкіндігі болмайды. Енді нақты критерийлер белгіленіп, мұғалімдер жұмысқа қызметінің нәтижесі мен жетістіктері негізінде конкурс арқылы орналасады. ҚР БҒМ-нің толықтырулар енгізілген бұйрығында білім беру ұйымының бірінші басшысы бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған кезде бес жұмыс күні ішінде білім басқармаларына конкурс өткізу туралы өтініш жібереді. Бірінші басшының лауазымына тағайындауға арналған конкурсты білім басқармасы жариялайтын болады.

– Конкурс рәсімі бірқатар кезеңді қамтиды, қатысушы 100 сұрақтан тұратын тестілеуге қатысады. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының бірінші басшысының бос лауазымына орналасуға үміткер тестілеуден өткеннен кейін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен әңгімелесу нысанында келісудің қосымша кезеңінен өтеді. Ал, «Білім-инновация» лицейінің бірінші басшысының лауазымына үміткерлер тестілеуден, қамқоршылық кеңеспен келісуден босатылады. «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорымен әңгімелесу нысанында келісуден, сондай-ақ мемлекеттік органның комиссиясының отырысында әңгімелесуден өтеді. Сонымен қатар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымының бірінші басшысының бос лауазымына орналасуға үміткер кандидаттар тестілеуден өткеннен кейін министрліктің Балалар құқықтарын қорғау комитетімен әңгімелесу нысанында келісудің қосымша кезеңінен өтеді, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Айта кету керек, конкурс қорытындысы бойынша бірінші басшы лауазымының жеңімпазы жаңа қызметке бес жыл мерзімге тағайындалады. Сонымен қатар, білім саласында сапаны қамтамасыз ету үшін барлық білім ұйымдары мемлекеттік аттестаттаудан 5 жылда бір рет өтеді.

– Биыл мемлекеттік аттестаттаудан 149 мемлекеттік балабақша, 30 мектеп, 7 колледж өтеді деп жоспарланып отыр. Ал, жекеменшік білім нысандары келер жылдан бастап аттестацияланады, – дейді облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ғалия Дәулетова.

– Бұл бастама – білім саласына шынайы жанашыр әрі менеджер, қабілет-қарымы өзгелерден басымырақ мамандарға мол мүмкіндік береді, тәжірибе кеңістігін кеңейтеді. Конкурс арқылы қабылдау білім саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағыты бойынша ашықтық қағидатының тиімділігін арттырады. Білімге құштар мемлекет үшін, бәрі де білімге құштар мектеп үшін жасалып жатқан аса тиімді әрі нәтижелі бастамалар. Мен мәртебелі маман атануға талабы мен ынтасы басым әріптестерді аталған бастамаларға атсалысуға шақырамын, – деді министр А.Аймағамбетов.

Елімізде мұғалімдердің жалақысы биыл тағы 25%-ке өсті. Жаңа жүйе сәтті жүзеге асса, мұғалімдердің біліктілігі ғана емес, жалақысы да артады. Білім саласы жалақыны көтеру, жүктемені азайту, есептілікті қысқарту, педагогтерді өзіне тән емес функцияларға тартуға жол бермеу мақсатында жылды осындай жаңа бастамалармен бастап отыр. Құптарлық. Енді тек әлемнің дамыған елдеріндегі ротациялау әдісін дөңгелетіп алып кетсек игі.

1-бет

ТӨР СЕНІКІ, ТУҒАН ТІЛ!

Халықаралық ана тілі күніне орай филолог ғалымдар мен жалпы тіл жанашырлары Қызылорда қаласындағы «Рухани жаңғыру» орталығында «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы және жаңа қазақ жазуы» ашық сұхбат алаңында бас қосты.

Тілдің айбары – елдің байрағы

Жиынды облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Р.Қаюпов ашып, бүгінгі күні тіліміздің орфографиясы мен грамматикасында күрделі мәселелер бар екенін, оның шешімі тек белгіленген заңдарда ғана емес, жалпы халықтың тілге деген қарым-қатынасында жатқанын сөз етті.

– Әр санада ана тілін сүю сезімін қалыптастыру, құндылықтарымызды қадірлеу арқылы жаңа белестерге көтеріледі, – деді ол.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары, филология ғылымдарының кандидаттары А.Абасилов пен Б.Боранбай тіліміздің графикаланған, стандартталған және модернизацияланған қалпында ғана дамып, әлемдік тілдер алдында аласармайтынын ғылыми тұрғыда баяндады. Бұл үшін Ахмет Байтұрсынұлы көрсетіп берген бағыттан ауытқымау керек, артық дыбыстардан құтылуымыз шарт. Кез келген өзге тілден сөз алғанда оның дыбысталуын қоса алмайды, өз тілінің заңдылығымен дыбыстайды. Ал, біз бір ғасыр бойы орыс тілінің жіңішкелік, қатаң белгілеріне (ь,ъ) дейін әліпбиімізге ендіріп, сол талаппен сөйлеуді үрдіс қылдық. Бұл біздің төл тілімізді бұзды.

Қазақ тілінде 28 дыбыс бар. Осыны 26 латын әрпіне сыйдырып, жаңа қазақ жазуын жасау ғалымдар тарапынан сан алуан сыни көзқарастарға ұшырап, әрі тарт, бері тартқа түсті. Осыған орай, Президент Қ.Тоқаев бұл мәселені кейінге қалдыруды дұрыс деп шешті. Түбінде біз тіліміздегі дыбыстық жүйенің табиғи қалпын сақтау үшін осы қадамға барамыз деген ойларын ортаға салған ғалымдарға С.Сахиев, Н.Көбегенұлы секілді әріптестері оң пікірлерін қосты.

Ал, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Д.Аяшұлы қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің басқаны былай қойғанда тіл мамандары тарапынан бұзылып айтылып, тіл дамуын кертартпалайтынына ашынды.

Филолог ғалымдар К.Қамзаева, А.Айтбаева және мектеп мұғалімі Г.Шынтасова әліпби ауыстырудағы әлем тәжірибесі мен бүгінгі күнгі грамматикалық проблемалар туралы тұщымды ойларын жеткізді.

Ашық алаң жиынын жүргізген облыстық тілдерді дамыту орталығы басшысының орынбасары А.Маханбет мұндай келелі басқосулардың жалғасын табатынын айтып, қатысушыларға алғыс білдіріп, кәдесый жасады.

Заң талаптары түсіндірілді

«Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында «Көрнекі ақпарат мәселелері» тақырыбында семинар өтті. Онда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңына өткен жылы енгізілген өзгерістер түсіндірілді.

Облыстық ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған жиынға облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту, қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің, облыстық тілдерді оқыту орталығының мамандары, тіл жанашырлары, жарнама агенттіктерінің басшылары, заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру мақсатында құрылған ақпараттық-насихаттық топ мүшелері қатысты.

Семинарды облыстық ішкі саясат басқармасының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Ләззат Есімова жүргізіп, «Тіл туралы» Заңға енгізілген өзгерістерді және жаңа заң талаптарын түсіндірді.

– Көрнекі ақпарат құралдары – баннерлер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, баға көрсеткіштері елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін маңызды құралдар саналады. Көбіне жарнама беруші сатафтын затын немесе көрсететін қызметін жарнамалаған кезде оның тіліне мән бермейді. Сол сияқты халыққа қызмет көрсету орындары көрсетілетін қызметтің түрлерін қате аудармамен жазып іледі. Қоғамдық тамақтану орындарында толықтай қазақ тілінде жазылған ас мәзірлері де сирек кездеседі. Заңға енгізілген өзгерістер деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазуға, орфографиялық қателерге жол бермеуге, сондай-ақ, қазақ және орыс тілдерінде берілген деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің мағыналық, мазмұндық жағынан сәйкес келмеу фактілерін жоюға бағытталып отыр, – деді Л.Есімова.

Жиын барысында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиал төрағасы Сәдуақас Аңсат ұйым тарапынан көрнекі ақпараттардағы қателіктерді жоюда тұрақты «Тіл сақшысы» рейдтері жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру, кеңінен насихаттау бағытында басқармамен бірлескен жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Ал, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Алдажар Әбілов, Аман Абасилов жарнамадағы сауаттылық мәселесінің жағдайы өте нашар екендігін алға тартып, мәтіндердегі қателіктер, тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы жөнінде өз пікірлерін ортаға салды. Осыған байланысты облыста жарнамалардағы арнайы аудармаларды қарайтын жұмыс тобының болуы, оған арнайы қаржы бөлінуі жөнінде ұсыныс білдірді.

Сонымен қатар, «Қызылорда дизайн», «Шик» және «Нұр-дизайн» жарнама агенттіктерінің басшылары тіл туралы заңды бұзғандарға айыппұл салу жағын қарастыруды, мәселеге қатысты насихат жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары, радио-телеарналарда кеңінен жүргізуді ұсынды.

Жиын барысында қатысушылар көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілді ғана қолдану – мемлекеттік тілдің дамуына жасалған үлкен қадам екендігін атап өтіп, насихаттау жұмыстарына қоғам болып атсалысу қажетін айтты.

«СБ» ақпарат

РОЗА БАҒЛАНОВА -100

Ұлы әншімен екі кездесу

1972 жылдың шілде айы. Свердловск (Екатеринбург) қаласы. Табиғаты аса көркем, айналасы ну орман, Орал тауының етегінде орналасқан. Ресей мемлекетінің орталығындағы дүние жүзіне танымал «Урал-Маш» заводы, Орал әскери округі және қуатты әскери өнеркәсібі шоғырланған аса маңызды аймақ.

1972 жылы мамыр айында Семей қаласынан облыс жастарымен әскер қатарына шақырылдым. Осы даңқты полктің «Старт» ротасына Төкен Алиманов, Рашид Ешмұхамедов үшеуіміз түстік. Музыкалық сауатым бар еді. Семейдегі М.Әуезов атындағы педучилищенің музыканты Евгений Григорьевич Тюунов ақсақалдың ерікті ұйымдастырған үрмелі оркестрі үйірмесіне қатысқанымның мұндай шапағаты тие ме! Мен полктің үрмелі оркестрі құрамына қабылдандым. Полк командирінің бұйрығы бойынша музыканттар нарядқа, басқа ешқандай жұмысқа жіберілмейді. Сағат 14.00-ден кейін Мәдениет үйінде дайындықта боласың. Тек өзіңе тиісті партитураны қалтқысыз орындасаң болды. Қалған уақытта боссың.

Полктің музыканттары «Урал-Маш» заводының апта сайынғы жұма күні кешкілік өтетін сергектік, мерекелік іс-шараларын үрмелі және эстрадалық жанрда сүйемелдейтін тұрақты демеушісі екен. Сондай-ақ, «Сокол» пионер лагерінде, қаладағы әскерилерді жерлеу іс-шараларында қаралы музыка ойнайды. 17 духовиктің 8-і эстрадалық ансамбльде ойнайды. Аз ұлттан Ашот Гаспарян екеуміз. 7 қарашада полктің үрмелі оркестрі округтің оркестрге қосылып, бүкіл әскери парадты сүйемелдеді.

Жаймашуақ шілде айының күндерінде Роза Бағланова апамыз бастаған «Қазақконцерттің» бір топ өнерпаздары келіп, алғашқы концертін осы полкке қойды. Құрамында жазушы Берқайыр Аманшин, өнер қайраткерлері. Зейнеп Қойшыбаева, Гүлвира Разиева, Әскербек Еңкебаев, домбырашы Әзидолла Есқалиев, Аманкелді Сембин, Ғалия Тоқтарбаева, Шура Үмбеталиева, Зарема Қаскеева және Болат пен Қуаныш бар. Гүлвира мен Зейнеп апай бауырларының әскери борышын өтеп жүргенін айтты. Полктің мәдениет үйінде 6 сағаттай бірге болдық. Егер мен үрмелі аспапты бұрын үйренбесем, бұларға жақындап та келе алмас едім. Солдаттар тек саппен ғана жүреді, отырады, тұрады.

Репертуарда бір-бір қазақ әндері болды да, қалған номерлері әр тілде шырқалды. Домбырада да көрермендерін таңдандырып, Еуропа әуендері ойналды. Ә.Енкебаев «16 қызды» орыс тілінде орындады. Көрермендер қошеметпен орындаушыларды қайта-қайта шақырумен болды.

Соңында Роза апамыз шықты. Ол кісі «Сәулем-ай» әнімен бастады. Толассыз шапалақ соққан қауымға 8 рет шығып ән орындады. Соңында сөз алғанда: «Дорогие наши защитники, мы вас не подведем!» деп қысқа қайырды. Кетерінде Роза апай конверт, қалам алып «елге, әке-шешеңе, қыздарға хат жазып тұр» деп 20 сом ақша берді. Бірге ілесіп кеткім келді. Автобус бұрылып, жүріп бара жатты. Өнер шеберлері автобустың терезесінен білектерін созып, қимастықпен қол бұлғап қоштасқанда жүрегім қарс айырылғандай болды. Елден әскерге аттанғанда мұндай күй кешпеп ем. Қазақтың «Жақында жүрсең тістесіп, алыста жүрсең кісінесіп» деген, жатжұртта жүргенде бірін-бірі қия алмайтын аса бауырмал, қаншыл халық екеніне көзім жеткендей болды.

Содан бері 50 жыл өтті. Осы кездесу әлі көз алдымда. 1972 жылы үгіт-насихатта КСРО-ның құрылғанына 50 жыл толады деп айтып жатады. Біз жаспыз, тереңдеп түсіне алмаймыз. Қазір кейде ойланам, сондай үлгілі әскери округкке өнерпаздар тек Қазақстаннан ғана келді. Неге? Басқа 14 республикадан жыл көлемінде өнерпаздар келген жоқ. Сол жылы Орал әскери округіне Қазақстаннан эшелонмен көп бала әскери міндетін атқаруға барды. Мүмкін осыған орай ма?

Екінші көргенім 1978 жыл. Қараша айы, қар жауған кез. Партия, совет қызметіне жаңа кіре бастаған кезім. Ауылға 2 жыл бұрын аудан көлемінде бұрын салынбаған екі қабатты мәдениет үйі бой көтерген еді. Колхоз председателі К.Криволапов: «Жаңа ауданның I секретары А.Ломтьев телефон соқты. Бүгін кешке сендердің ауылдарыңа барып бір артист концерт қояды деп. Бұл клубты біз аудан үшін салғандаймыз. Депутатпен кездесу болса бізге, артистер келсе бізге... Қыс болса мынау, шаруашылық болса анау» деп ренжіп отыр екен. Сөйтсек Роза Бағланова апамыз бұрынғы Семей облысының аудандарына гастрольдық сапармен келіпті. Кешкілік ауыл клубына жер қайысқан халық жиналды. Роза апай басында құндыз бөрік, үстінде құндыз тон, көзінде қоңыр көзілдірік. Алдынан кездескен үлкендерге: «Мен сіздерді құшақ жая қарсы аламын!» деп тағзым етіп жатты. Ауданның II секретары Н.Чижов бастаған топ және облыстық мәдениет бөлімінен Тапалшинов ілесіпті.

Роза апайдың көмекшісі Катя деген орыс қызы екен. Сахнада ұлттық киіммен кезекті номерін орындап жатты. Толассыз шапалақ соғылуда. Концерттің II бөліміне әскери киім киіп шықты. Кеудесі толған орден-медаль. ҰОС кезінде алғы шепте, әсіресе, алғаш Мәскеудің үлкен залында ән салғанын, солдаттар сол клубтан шығысымен саппен майданға беттеп бара жатқанын айтты. Бірде алғы шепте Розаны генерал Рахимов танкінің үстіне көтеріп шығарып, ән салдырыпты. Тағы бірде алғы шепте, әскерлер алдында, ән салып тұрғанда жанына снаряд түсіп жарылады. Көрермен әскерлер соғыс дағдысымен жата қалыпты. Роза апамыз әнін тоқтаусыз айта берген. «Мен жасырынып сақтануды білмедім. Тек бір қабағыма тарыдай жарқышақ дарып қанатты» деді. Сол жарақаты кейін жасы ұлғайғанда көзінің көруін нашарлатады. Сүйемелдеуші ансамбль құрамында мен танитын Алшынбек Қасымов деген музыкант болды. Соңғы әнін колхоздың председателі К.Криволаповқа арнады. Ол да ҰОС қатысқан, өзі тұстас адам еді. Роза апамыз сөз алып:

– Ваш председатель колхоза какой он молодец, молодой, подтянутый, построил такой клуб для сельской местности... – деп, алғыс айтты.

Манағы председателіміз алдыңғы жақтағы орнынан тұрып, ыржаң-ыржаң күліп, өзі қызыл адам еді, риза болып, сахнаға шықты.

– Болашақта ауылға жиі келіп, ауыл еңбеккерлерін тамаша әндеріңізбен сусындата беріңіз, – деп өнеріне табыс тіледі.

Концерттен соң парторг Ф.Омаровтың үйінде қонақтар күтілді. Мен 1972 жылы Свердловскіде жолыққанымды айттым. «Иа, иа біз ол кезде көп частіде болдық» деді Роза апамыз. Бір жыл бұрын Зейнеп Қойшыбаева біздің ауылға туысына келген. Ол кісіге де 1972 жылы Свердловскіде көргенімді айттым. Қай солдат ойында тұр сын.

Сөз арасында облыстан ілескен уәкіл жолда келе жатқанда машина қарға батып, дөңгелегі айналып тоқтап қалғанын, итергендерін қайта-қайта айтып еді.

– Сен немене жаман «Волгаңды» бұлдап отырсың, мені Мәскеуге барғанда «Чайкамен» алып жүреді, – деп тыйып тастады.

Апамыздың әр сөзі, киген киімі, қозғалысы, салған әні, бәрі-бәрі өзіне жарасып тұрды. Біз қала бердік «шіркін!» деп.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ызғарынан қазақ халқының қатты үрейленген, құдаланған шағы еді. Роза апамыз 1988 жылы мемлекеттік алқалы жиналыста алғашқы болып, әлі ер азаматтар батып айта алмаған, қазақ жерінің экологиялық зардаптары туралы сөйлеген аса құнды, батыл айтқан сөзін қалай ұмытамыз! Нағыз патриот, отаншыл апамыздың жүрекжарды сөзін сол қалпында жазуға тырыстым. «Я прошла войну. Но то, что творится в Арале одним словом невозможно остановить. Войну можно остановить, атомную бомбу можно остановить, самолет можно остановить, но этого невозможно остановить. Мы говорим здесь, а там природа свое дело делает. То, что натворили наши в кавычках «величайщие ученые», как я могу говорить о таких ученых, что они убивают в утробе целую нацию. Нацию убивают.

В другое время мы говорили бы, что это вредительство. А что мы скажем они академики Союза СССР, Герои Соц. Труда, лауреаты дважды, трижды. На Казахской территории там, что в Семипалатинске полигон. В Байконуре космодром. В Арале яд. Как жить казахам? Если это был бы за границей, в Америке как бы мы кричали «Что вот целую нацию убивают! Не только в Казахстане». В тех местах была. Мне было очень тяжело. Когда нет глаза, когда нет нёба, рождается без нёбы. Нет на голове волос. Нет руки, нет ноги, что это значит? У кого надо спросить, кому надо говорить? До какой инстанции нужно дойти, чтобы услышали боль, горе, трагедию целой нации» деді.

Қазақ өнері тарландарының ішінен жарық жұлдыздай тұнғыш және жеке дара «Халық Қаһарманы» мәртебесіне лайықты болғаны тегін емес екен. Роза апамызды ұзақ жылдар бойы сахнадан немесе телеэкраннан көрмеген, радиодан салған әнін тыңдамаған адам Қазақстан Республикасында жоқ та болар. Барлық көрермендері, тыңдармандары атынан осы мақаланы жазуды жөн көрдім.

Рамазан НҮСІПОВ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы,
Көктерек ауылы

БРИФИНГ

Төтеншеліктер өрттен 15 адамды құтқарды

Қызылорда қаласы «Шұғыла» шағын ауданындағы көпқабатты үйдің пәтерінен өрт шықты. Оқиға 20 ақпан түнгі сағат 03:09 минут шамасында №43 үйдің 5-қабатындағы 37-пәтерде басталған. Бұл туралы кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық ТЖД Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Нұрсұлтан Ибрагимов айтып берді.

– Өрт сөндірушілер 5-қабаттан баспалдақ арқылы 6 ересек адам мен 3 жасөспірімді құтқарды. Сонымен қатар, 03 сағат 26 минутта балкон арқылы арнайы автосатымен жоғары қабатқа шыққан құтқарушылар №38 пәтерден 2 ересек, 3 жасөспірімді шығарды. Көршілес орналасқан пәтерлерді қоса алғанда барлығы 15 адамды қауіпсіз жерге көшірді. Айта кететін жайт, қонақ бөлмедегі барлық тұрмыстық заттар, ас бөлменің есігі мен терезесі, кіреберіс бөлме есігі түгелдей жанып кеткен. Қызметкерлер 27 литрлік газ баллонын қауіпсіз жерге қойды, – деді ол.

Төтеншеліктердің айтуынша, аталған тұрғын үй табиғи газға қосылмаған, сол себепті тұрғындар газ баллонын пайдаланып отыр. Ал, өрт болған пәтер жалға беріліп келіпті. Осыған байланысты қылмыстық іс қозғалды.

«СБ» ақпарат

Назарларыңызға!
Жолдарға уақытша шектеулер қойылды

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы №162 бұйрығына сәйкес, көктемгі кезеңде жол төсемі бөлігінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымы аралығына және А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автожолының 12-216 шақырымы аралығына **2022 жылдың 1 наурызы мен 1 сәуірі аралығында** уақытша әрбір оське түсетін жүктемесі **8 тоннадан артық автокөлік құралдарының** қозғалысына уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық жүк тасымалына, зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек көрсететін, азық-түлік тасымалдайтын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға және алдын алу жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыратын автомобильдерге шектеулер қойылмайды.

«Қазақавтожол» ЖШС,
«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда облыстық филиалдары

Хабарландыру

«ТАҢ» шаруа қожалығы құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылдың 27 ақпанында сағат 14.00-де өткізетіні туралы хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Тан ауылы, Орынбай жырау көшесі №12, Таң ауылдық мәдениет үйі.

Күн тәртібінде:

1. «ТАҢ» шаруа қожалығы құрылтайшыларының арыздарына сәйкес жер үлестерін заңға сәйкес бөліп беру туралы.
2. «ТАҢ» шаруа қожалығы төрағасының арызына сәйкес, зейнет жасына келуіне байланысты шаруа қожалығы төрағалығынан босату.
3. «ТАҢ» шаруа қожалығы төрағасын жаңадан сайлап бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз болса 5 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін қожалықтың кеңсесіне ұсынуларыңызды сұрайды. Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, шаруа немесе фермер қожалығы туралы ҚР заңына сәйкес өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«ТАҢ» шаруа қожалығы
БСН:050964022895

Жақсылардың бірі азайды жердегі

Былтыр қаңтарда осындай тақырыппен жерлесіміз Абдолла Дастановтың әлеуметтік желіде қалдырған жазбасын көріп, есеңгіреп қалдым. Жұмыстан үйге кірген бойым еді. «Мүмкін емес, мүмкін емес» дей беріппін. Сірә, ондай тау тұлғалы азаматтарды өмірден өтпейтіндей көрсем керек.

Өткен жылдардан естелік, рухани әңгіме мен тарихи-танымдық мақала қажет болса «бір білсе, осы кісі біледі» деп арқа сүйеп үйренген біз қабырғамыз құлап қалғандай. Сенбей, жазбаны қайта-қайта оқимын. Көңілқос білдірген адамдардың көптігінен оған тілеуқор болған ағайынды танисың. Ол кең жүректі, ініге ізет, үлкенге құрмет көрсете білген, ата аманатына адал жан еді.

«Түркияға кетіп барамын. Ота жасатуға. Алла амандығын берсе келген соң жаңа мақалаларымды жіберемін. Әзірше осыларды жариялай бер, көкем». Бұл – ақтөбелік ауылдастар, қармақшылық жерлестер, біздің қармақшытаңылықтар үшін қымбат жан Ибрагим Бекмахановтың соңғы рет телефон арқылы тілдескендегі сөзі еді. Жеті сайын хабарласып ауыл-елдің амандығын сұрап тұратын. Сол сапарға келмеске кетіп бара жатқанын білдік пе? Жетпіске жеткенде соңғы демі Стамбұл қаласында үзілді. Дерттің азабын тартып жүрсе де, дымын білдірмеуші еді. Қолынан қаламы түспеді. Өзі еңбек еткен газеттің қазіргі құрамын жақсы білетін. Жас журналистердің бәрін көзбен көрмесе де, жазбасын газет сайтынан оқып, алыста болса да танып, тілек білдіріп отыратын. Өмірдің ағымына ілескен бағыты, жаңалықты меңгеруге жүрексінбейтін жігері, өз мамандығына адалдығы бізге үлгі болды. «Көзімнің көруі нашарлап барады. Қатесіне мұқият қараңдар» деп әр жазбасына қырағылық танытуымызды қадағалайтын.

Атасы Тұрымбет жыраудың әдеби мұраларын жинақтап, «Талайды таңырқатқан жырау едім», «Атандым жас күнімнен бала жырау», «Жүйрігі едім халықтың» атты кітаптарын жарыққа шығарды. Белгілі қаламгердің «Шапағат», «Сағымсары», «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сәуле», «Жүрегімнің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүректегі ырғақтар», «Сырдария-Ұлытау» атты поэзиялық және «Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария көңіл, тау мүсін», «Дария-ғұмыр», «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр», «Қарсақбайлық қайсар ұл», «Бекзат болмыс», «Кенжалы би» атты прозалық және көркем-публицистикалық, «Жалмауызға да жан керек» атты сатиралық кітаптары бар. Республикалық ақындар мүшәйрасының бірнеше дүркін жүлдегері, журналистикадағы жемісті еңбегі үшін «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі және Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Оқушы кезімізден ұстаздарымыз ауылдан шыққан өнер, еңбек майталмандарын айтып, таныстырып өсірді. Жоғары оқу орнын Жезқазған қаласында жалғастырдым. Ибрагим Бекмаханұлы ол кезде Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетінде жұмыс істейтін. Газетті қолыма алып, оның аты-жөнін көрсем, менің ағам деп марқайып отыратынмын. Бірде:

– Сүлейлердің Сырда туған бірі едің,
Арқада ақын ағам бар деп жүремін.
Соңыңыздан еріп келем ізденіп,
Жыр жазады, жыр сүйеді жүрегім.
Ізбасарың барына аға сеніңіз,
Ауырмаңыз, мықты болсын деніңіз.
Елден бата ап, жүзге дейін мүдірмей,
Шаршамаңыз, өлең жаза беріңіз,

– деген екі шумақ шимайымды алып газет редакциясына бардым. «Ағаңды іздеп келген талабыңнан айналайын, өркенің өссін» деп батасын берген-ді.

Бала кезде журналист болам деп армандағаныммен «Мұрағат ісі» мамандығында оқитын менің сол кезде жазуға деген қызығушылығым үдей түскен еді. Жаны таза, рухы биік Арқадағы ағама еліктеп өлең жазып жүрдім.

Ибрагим ағаны үлгі тұтатын, сыйлайтын, құрметтейтін қаламгерлерге оның қазасы ауыр тиді. «Амансыңдар ма, қандай жаңалықтарың бар?» деп жиі қоңырау шалатын ағамызды сағынып жүргенімізге жыл толыпты. Рухы пейіште қалықтасын. Жатқан жері жайлы, иманы салауат болсын. Оның өнегелі өмірін үлгі етіп, жас қаламгерлерге деген сенімін ақтауға тырысамыз.

Гүлжанат ДҮЗЕНОВА,
Қармақшы ауданы

Шабақтар неге қырылды?

– Аймақтағы экология департаментінің қызметкерлері мен арнайы ғылыми ұйым бірлесе сараптама жасауда. Бөген ауылындағы ветеринарлық пункт мамандары балықтан, экология департаментіндегілер каналдан су сынамасын алды. Оның нәтижесін алдағы уақытта айтатын боламыз. Біз сынама қорытындысын күтпей-ақ, балықтарды сақтап қалу үшін тиісті шараларды қолға алдық. Жергілікті атқарушы органмен бірге мұз ойып, судағы балыққа қолдан оттегі берілуде. Жалпы шабақтардың қырылуына қалыңдығы 25 сантиметр болатын мұз бен каналдағы судың тым аз болуы себеп болып отыр, – дейді «Арал-Сырдария» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Жанқожа Сапаров өңірлік коммуникация қызметінде берген брифингте.

Аймақ тілшілеріне шұғыл брифинг берген жауаптылардың да бар айтар уәжі – судың тым аз болуы. Қазір «Сағынбай» каналының бірнеше жерінен ойық ойылған. Балықтың тіршілік етуіне, оны сақтауға жергілікті билік орындары да көмек көрсеткен.

– Оқиға болған жерге біздің басқармаға қарасты Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінің қызметкерлері барып, тиісті жұмыстар атқаруда. «Сағынбай» каналында 22 ойық ойылып, оған қамыс салынды, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айдос Аяғанов.

А.Аяғановтың айтуынша, бүгінде қала мен барлық аудан әкімдіктеріндегі жауаптыларға тапсырма беріліпті. Онда өз аумағындағы су айдындарына зерттеу жұмыстарын жүргізіп, балық шығынын болдырмауда қосымша жұмыс жүргізу керектігі айтылған.

1-бет

Хабарландыру

«Мақпалкөл» ЖШС қатысушыларына құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылдың 23 наурыз күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізілетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Т. Жүргенов ауылы, М. Нұрылдаев көшесі 50 үй.

Күн тәртібінде:

1. Құрылтайшылардың жер үлесін бөліп беру.

Сонымен қатар құрылтайшылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, он күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Мақпалкөл» ЖШС әкімшілігі.
(БСН 020 240 007 364)

Жарамсыз деп есептелсін

«Жаппас-ата» қоғамдық қоры (БСН: 980 140 020 971) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаұлына ұлы

Қайруллаев Серғазы Қорғанбекұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті компанияның жұмыскері, игеру және өндіру департаментінің жетекші инженері

Серғазы Қорғанбекұлы Қайруллаевтың

дүниеден озуына байланысты маркұмның отбасына, бауырлары мен жақын туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

***

Облыстық ішкі саясат басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаұлына ұлы, «Азаматтарға арналған үкімет» МК Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Айдын Қайруллаевқа ағасы

Серғазы Қорғанбекұлы Қайруллаевтың

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Серғазы Қорғанбекұлы Қайруллаевтың намазы 23 ақпан күні сағат 11.00-де Қызылорда қаласы, «Арай» мөлтек ауданы, Атилла көшесі, 2 үйде (бұрынғы Арай 45) өтетінін хабарлайды.

Бейжіңде медаль бұйырмады

Өткен жексенбіде Қытай астанасы Бейжіңде 24 қысқы Олимпиада ойындары ресми түрде аяқталды. Жабылу салтанаты әлемге әйгілі «Құс ұясы» стадионында өтті.

Салтанатты шарада жер-жаһанның әр қиырынан жиналып, екі аптадан астам уақыт бойы жеңіске деген жігерімен көзге түскен спортшыларға үлкен құрмет көрсетілді. Алдымен жарыстың соңғы күнінде өткізілген шаңғымен жарысу спортынан марафон жеңімпаздары мен жүлдегерлері дәстүр бойынша марапатталды. Ерлер арасындағы марафонда ресейлік Александр Большунов, әйелдер арасында норвегиялық Тереза Йохауг алдына жан салған жоқ.

Айтулы шара барысында кинорежиссер Чжан Имоу жетекшілігімен Қытай тарихы мен мәдениетінің қыр-сыры әлем жұртшылығына таныстырылды. Сондай-ақ, ойынның басты қаһармандары – спортшылар шеруі болды.

«Сіздер бір-біріңізге қолдау көрсетіп, мемлекеттер арасында кикілжің болса да бір-бірлеріңізді құшақтап, бір-бірлеріңізді сыйладыңыздар. Осы арқылы сіздің олимпиадалық қоғамдастықта бәрі де тең екенін дәлелдедіңіздер» деді Халықаралық Олимпиада комитетінің президенті Томас Бах.

ХОК президенті төмен түсірілген Олимпиада туын 2026 жылғы қысқы ойындарды қабылдайтын Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларының мәрлеріне табыстады.

Биылғы Қысқы олимпиадаға еліміздің атынан 34 спортшы аттанды. Қазақстандықтар спорттық шаңғы жарысы, фристайл-могул, шаңғы акробатикасы, тау шаңғысы, шаңғымен секіру, биатлон және шорт-трек түрлерінен ел намысын қорғады. Осы спорт түрлерінің арасында тек шорт-тректен Абзал Әжіғалиев 500 метр қашықтықта медальға сынық сүйем жетпей, төртінші орынға тұрақтады. Ал 1500 метр қашықтықта Әділ Ғалиахметов үздік сегіздікке кірді. Сондай-ақ, эстафеталық сында қазақстандық шорт-трекшілер 5 орын алды.

Тарихқа көз салсақ, бұдан бұрын еліміздің ұлттық құрамасы 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында өткен XIX және 2006 жылы Италияның Турин қаласындағы XX Ойындарында екі рет осылай жүлдесіз қалған еді.

«СБ» ақпарат

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru



СЫРДАҒЫ САЯТШЫЛЫҚ САЙЫСЫ

– Қазақ халқының саятшылық өнері – қызықты әрі қасиетті өнер. Жеті қазынаның бірі – ит пен құстың мінез-құлқы мен қасиетін жетік білетін нағыз саятшылар мен құсбегілердің жарысы тартысқа толы болмақ. Ұлттық спорттың дамуына атсалысып жүрген ардагер саятшы Әбдікәрім Түсей мен Алматы облысының ардагер саятшысы, ұлттық спорттың жанашыры Шаймардан Әден жарыстың құрметті қонағы болады, – деген еді басқарма басшысы.

Сондай-ақ баспасөз конференциясына қатысқан ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің аға жаттықтырушысы Базарбек Күнтуғанұлы мен ҚР Қыран федерациясының президенті, ҚР құрметті спорт қайраткері Бағдатхан Мүптекеқызы саятшылық өнер туралы баяндап, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Республиканың барлық облысындағы ұлттық спорт мектептерінің жанында құсбегілікке баулу сабақтары да жүреді. 1980 жылдары 10-15 ақсақал ғана осы кәсіппен айналысыпты. Оның ең үлкені 85 жаста, ең жасы 60-тан асқан болатын. Ал қазір 200-ге жуық құсбегі бар. Сондай-ақ ол кезде бүркітті ғана баулыған болса, бүгінде қаршыға, ителгі, лашын, бидайық сияқты құстарды қолға үйрету көбейген, – дейді Бағдатхан Мүптекеқызы.

Оның айтуынша, ұлттық спорт түрлеріне қызығушы жастар көбейген. Әсіресе, Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарында мектеп жанындағы құсбегілік бөлімнің жастармен жұмыс істеуі өте жақсы. Жуырда ғана Павлодарда өткен сайысқа қатысушы құсбегі-саятшылардың қатарында жас жігіттер көп болыпты.

– Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде бұл чемпионат алғаш рет өтіп отыр. Бұған қуаныштымыз. Мойындау керек, ұлттық спортта ат бәйгесі, жамбы ату, көкпар сияқты түрлері алға шығып кетті. Сондықтан осы саятшылық, оның ішінде құсбегілік өнердің қасиетін жас буынға насихаттау үшін осындай ауқымды шаралар жиі ұйымдастыруымыз керек, – деді Б.Мүптекеқызы.

Апта соңында мәресіне жеткен чемпионатта жеңімпаз құсбегілер анықталды. Республикалық сайыста Түркістан облысынан келген Сейдулла Паңның қаршығасы алға шықса, ителгі баулыған маңғыстаулық Айшуақ Тайманов бірінші жүлдеге ие болды. Ал бүркітшілер сайысында Атырау облысының құсбегісі Ақберен Құрманалиевтің қыраны бас жүлдені жеңіп алды.

Облыс әкімдігі мен дене шынықтыру және спорт басқармасы, сондай-ақ, Жаңақорған ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен чемпионатта екінші және үшінші орын иеленген құсбегілер де марапаттан құр қалған жоқ. Жүлдегерлерге ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Спортты дамыту дирекциясы әзірлеген диплом, медальдар тапсырылып, демеушілер тарапынан қаржылай сыйлық та берілді.

1-бет

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Демеу болған «Демеу»

– Әлеуметтік желіде жұмыстарыңызбен таныспын, – дедім мен де Әсемді қоштап. – «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, аудан тұрғындарына деген еріктілердің көмегі жалғыз бұл емес шығар.

– Әрине, «Демеу» тобы құрылғаннан бері кәсіпкерлердің көмегімен көп отбасыға жәрдем берді. Мысалы, 120-дан астам отбасыға азық-түлік, ота жасалуы тиіс бүлдіршінге ақшалай көмек берілді. 38 жалғызбасты қарттың жағдайына қарап, ыстық тамақ жеткізіп, үй-жайының тазалығына да біздің қыз-жігіттер атсалысып келеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мереке сайын қуаныш сыйлап, сыйлық таратамыз, – деді еріктілер тобының жетекшісі.

Құрылғанына небәрі екі-ақ жыл болған қармақшылық «Демеу» еріктілер тобының көп жақсылығын санамалап қайтеміз? Бұған Әсемнің өзі де қарсы болды. «Көмек көрсету өзімізге де қуаныш сыйлайды» деген ол әр бастамасына қолдау білдіретін волонтер серіктеріне алғысы шексіз.

Ең бастысы, екі жылдан бері «Қарекет» және «Зекет» қоры арқылы 14 отбасыға баспана сыйлаған аудан еріктілері «Күлкі сыйла», «Мейірімділік баршаңызға», «Жақсылық жасап жарысайық», «Қуаныш сыйла» акцияларын жиі өткізіп келеді. Көше тазалықшыларына ыстық шай мен тәтті тоқаш ұдайы ұйымдастырылады. «Мектепке жол» акциясына да белсене қатысады. Кәсіпкерлердің көмегімен мұқтаж отбасылардың үйін жөндеуге қаржы беріп, қыс айында көлікпен де, қаптап та көмір түсіртіпті. Айтып келмейтін апаттың бірі – өрттен зардап шеккендерге де ел-жұрт арқасында көмек көрсетілген.

– Жақында ғана Ақай ауылында көпбалалы отбасының үйінде өрт болды. Лезде «Демеу» еріктілер тобы қор ашып, жиналған 180 мың теңгені отбасына табыстадық. Тағы бір айта кететін нәрсе, Қаңтар оқиғасы кезінде аудандық полиция қызметкерлері күні-түні ел тыныштығын сақтау үшін күзетте яғни, блок-бекеттерде тұрды. Сол кезде аудандық мәслихат депутаттарының қолдауымен орталық жастары мен аудан еріктілері, «Бәйтерек» газетінің бас редакторы Нұрбай Жанәділов ағамызбен бірігіп, «Диана» асханасының егесі, кәсіпкер Мейрамгүл Тілеумұратованың қолдауымен ыстық тамақ ұйымдастырдық. Жалпы біз қандай көмек сұрасақ та аянбайтын демеуші аға-апайларымыз ауданда жетерлік. Кәсіпкерлерден бөлек, жұмысымызға қолдау көрсетіп отырған барша Қармақшы халқына айтар алғысымыз шексіз, – дейді «Демеу» еріктілер тобының жетекшісі Әсем Мерекова.

Айтпақшы, Әсем медбике болуымен қатар, кәсіпкерлікке де ынталы. Былтыр ғана «Қармақшы-Демеу Трейвл» турагенттігін ашқан ол облыс тұрғындарын Қазақстанның көрікті жерлеріне саяхатқа алып шығып жүр. Сол арқылы адамдар қайырымдылыққа өз үлестерін қоса алады екен. Әсемнің айтуынша, халықтан не кәсіпкерлерден сұрай бермей, осы саяхаттан түскен қаражаттың 10 проценті көпбалалы немесе жағдайы төмен отбасыға және ерекше балаларға жұмсалады. Сондай-ақ биыл «Балалар жылына» орай аз қамтылған және көпбалалы отбасыдан шыққан балалар тегін саяхаттамақ.

– Жаңа жылдан бастап «Демеу» еріктілері «Сұлу бол» жобасын бастады. Мақсат – көпбалалы, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған, сондай-ақ жалғызбасты аналарымызға кішкене болса да күлкі, қуаныш сыйлау. Бұл жобаға тегін тіс салдыру, киім сыйлау, түскі асқа шақыру, әтір сыйлап, шаш және бет күтімін жасау, тегін саяхатқа апару сияқты қайырымды жұмыстар кіреді. Ал анасы жоқ балаларға көп көңіл бөлу, ыстық тамақ пен киіммен қамтамасыз ету, білімге, еңбекке баулу, ойын алаңдарына апару сияқты жұмыстар жыл бойы тоқтамайды, – дейді Әсем.

Игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау – халқымыздың ескі заманнан келе жатқан қағидасы. Осы қайырымдылық қағидасын үзбеген қармақшылық еріктілер мұқтажға қол ұшын созуды борышым деп келеді. Жақыны болмаса да жанашырлыққа асыққан жастардың бұл ісі былайғы жұртқа үлгі емес пе?

1-бет

ТАНЫМ

Халқымыз ауа райын қалай болжаған?

Қазақ халқы табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне арқау етіп, қолдана білген. Солардың бірі – халықтың ауа райын болжау тәсілдері. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен жандар өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгендігі сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күнібұрын болжап, ерте қам жасап отырған.

Жылдың әр айы мен тоқсанында болатын ауа райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын дала халқы әркез назарында ұстап, оған ат қойып, баға берген. Жылдың он екі айындағы табиғат құбылысына байланысты халықтық қағидаларға қалыптасқан болжамдар мен оның атаулары әдеттегідей наурыз айынан басталады.

Өлара – екі айдың арасы. Осы арқылы алдағы айға болжам жасалады. «Өлара кезеңінде жауын-шашын болса, жаңа ай жауынды-шашынды болады» деп болжаған. Бұл айна қатесіз келіп тұрған.

Амал. Жыл оны екі айда айналып, соғып тұратын ыстық пен суықты, қар мен жаңбырды, жел мен боранды халық бір сөзбен амал деп атаған, яғни, жылдың әр мезгіліндегі табиғат құбылыстарының өткінші әрі тосын, аз уақытта болып өтетін өзгерісі мен көрінісін және оның бірнеше түрлерін айтқан. Ұлттық сандық ұғымда жеті амал бар. Олар: күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, қыс тоқсан, ай тоғамы.

Құс қанаты. Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары да ұшып келе бастайды. Құстардың келуімен қар аралас жаңбыр жауып жел тұрады. Мұны ел "құс қанаты" деп атап, амалға жатқызған.

Аласапыран. Көктемде, наурыз айында, кейде сәуір айында қар күрт еріп, жер лай болып, шаруашылыққа қиын күндер туады. Осындай жайсыз, қолайсыз мерзімді аласапыран деп атайды.

Бесқонақ. Наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауынды-шашынды күндер. Бұл – әр жылы соғып өтетін суық әрі жайсыз мезгіл. Жұрт бесқонақтан қатты сақтанып, күтініп отырған.

Қызыр қамшысы. Сәуір айының орта кезінен бастап алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады. Осы сәттердегі найзағайдың жарқылын халық «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді.

Тобылғы жарған. Сәуірдің соңғы күндерінде екі-үш күнге созылатын суық жел соғады. Бұл – тобылғы бұршік жарды, яғни, өсімдіктер тамыр жайды, алғашқы көк шыға бастады деген сөз.

Қызыл жұмыртқа. Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала құстары балапанын шығара бастайды. Халық тілінде қызыл жұмыртқа деп аталатын, осы кездерде 1-2 күнге созылатын суық болады.

Құралайдың салқыны. Мамыр айының аяғында болатын суық жел. Осы желге қарсы киік өз баласын аяқтандырып, жүгіртеді. Киік қанша көп болса да, олар 2-3 күн ішінде түгелдей төлдеп болады. Киіктің тағы бір ерекше қасиеті оның – аналығы кез келген құралайды емізіп, бауырына ала береді. Киік құралайының далада жетім, жалғыз қалмауы осыдан.

Үркердің батуы. Маусым айының басында үркердің мүлде көрінбей кетуі. Кейде мұны үркердің жерге түсуі дейді. Осыдан кейін 40 күн шілде басталады. «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деп есептеген.

Қырық күн шілде. Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық. Осы аптапты күндерге орай халық арасында қырық күн шілде деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған.

Үркердің толғағы. Мал-жанға жайлы кезең, шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды.

Таразының тууы. Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. «Таразы туса, таң суыр» деген мәтел осындайдан шыққан.

Сүмбіленің тууы. «Сүмбіле туса, су суыр» дейді халық қағидасы, яғни қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді, яғни, күн суытып, жауын басталады.

Дайындаған
Аружан ЕРАЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26333 | Тапсырыс №254 | Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА**